

# DARA FOUNDATION

Қолдауымыз  
бұрынғыдан да  
күшейе түскен жыл

2025

№11

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП • ИНКЛЮЗИЯ • СЕРІКТЕСТІК • ҚОҒАМДАСТЫҚ



## БІЗБЕН БІРГЕ

## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Балалардың  
өмірін  
өзгертетін  
шешімдер



КОМАНДА КҮШІ



«Дара» қоры тәлімгерлікті және инклюзияны дамытып, балаларға арналған тұрақты қолдау экожүйесін қалыптастырады. Біз балалар үйлеріндегі жасөспірімдерге ересектер әлемінде өз жолын тауып, сенімді тірек пен дұрыс бағдар табуға көмектесеміз, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қолайлы әрі қолдау көрсететін ортада өсіп, жан-жақты дамуына жағдай жасаймыз.

**ПАЙЫМЫМЫЗ**

Балалар үйіндегі жасөспірімдер мен ЕБҚ бар балалардың дамуына, өз жолын табуына көмектесу. Бізбен бірге жүрген әр адам мұны жүзеге асыруға көмектеседі.

**ҰСТАНЫМЫМЫЗ**

«Тәлімгерлер» – жеке тәлімгерлік, білім беру курстары, кәсіби бағдар беру. «Инклюзия» – ерте қолдау, инклюзивті білім беру, Friendly School, «Әлемді ашамыз».

**2025**

«Тәлімгерлер» бағдарламасының 10 жылдығы. Жаңа бренд – Every shape is beautiful.

# Маз- мұны

<b>01</b>	<small>ҮНДЕУ</small> Құрылтайшының кіріспе сөзі	6.04
<b>02</b>	<small>ҚАРЖЫ</small> Жиынтық қаржылық есеп	6.05
<b>03</b>	<small>ЫҚПАЛ</small> Жетістіктеріміз сандармен	6.06
<b>04</b>	<small>БАҒДАРЛАМА</small> Тәлімгерлер	6.07
<b>05</b>	<small>БАҒДАРЛАМА</small> Инклюзия	6.16
<b>06</b>	<small>ҚОСЫМШАЛАР</small> Серіктестер · Донорлар · Қысқартулар	6.23

# Құрылтайшының алғысөзі.

*«2025 жылы біз қордың брендін жаңарттық: айдентиканың негізіне Every shape is beautiful қағидатын алдық. Пішіндердің сан алуандылығы әрбір баланың бірегейлігі мен қолдау экожүйеміздің тұтастығын бейнелейді»*

DARA 2025



## ОҚЫРМАНҒА АРНАЛҒАН ХАТ

Біздің миссиямыз өзгеріссіз қалып отыр – балалар үйіндегі жасөспірімдер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуына, өз жолын табуына көмектесу. Ал мұны бізбен бірге болған әрбір адам мүмкін етеді.

«Бізбен бірге болғандар» – қасымызда болған адамдар мен ұйымдардың мозаикасы: тәлімгерлер, сарапшылар, серіктестер, мамандар және донорлар. Олардың бәрі – ортақ ісіміздің және балалар өмірінде болып жатқан өзгерістердің бір бөлігі.

2025 жыл біз үшін ерекше болды. «Тәлімгерлер» бағдарламасының 10 жылдығын атап өттік – бұл Қазақстандағы балалар үйіндегі жасөспірімдерге арналған тәлімгерлік институтының дамуындағы маңызды белес. Осы он жылда бағдарлама ұзақмерзімді тиімділігін дәлелдеді: жеке тәлімгерлер жасөспірімдерге өзіне сенімділік қалыптастыруға, мақсат қоюға, жауапты шешім қабылдауға және өмірлік жоспар құруға көмектеседі.

«Инклюзия» бағдарламасы аясында қордың инклюзивті даму бағыты бойынша тұтас көзқарасы қалыптасты. Бұл – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларына туғаннан бастап 18 жасқа дейін жан-жақты қолдау көрсететін жүйе.

Біз бұл бағыттағы жұмыстың балалардың білім алуына, дамуына және қоғамға бейімделуіне берік негіз қалайтынын көріп отырмыз. Сондықтан биылғы жетістіктерімізбен мақтанышпен бөлісеміз. Бұл нәтижелер – балалардың жарқын болашағы үшін еңбек етіп жүрген көптеген жандардың ортақ еңбегінің нәтижесі. Тұрақты оң өзгерістер уақытты, жүйелі жұмысты және берік серіктестікті талап етеді.

Осы жылдық есеппен таныса отырып, біздің ортақ ісімізге мақтаныш сезімі ұялап немесе балалардың өмірін жақсы жаққа өзгерту жолында бізге қосылуға шабыт аласыз деп сенемін.

# Жиынтық қаржылық есеп 2025

## КІРІСТЕР

621 624 357 ₸

Құрылтайшыдан түскен қаражат	295 919 207	48%
Корпоративтік көмек	188 414 613	30%
Электрондық қайырмаалдық	81 360 612	13%
Гранттар	35 363 924	6%
Ірі меценаттардың салымы	20 566 000	3%

## ШЫҒЫНДАР

618 957 364 ₸

Жобалар бойынша шығындар	432 091 459	70%
Әкімшілік шығындар	117 046 089	19%
Еңбекақы төлеу қоры	69 819 815	11%

## БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША БӨЛІНУ

Инклюзия	281 399 290	65%
Тәлімгерлер	150 692 169	35%

## ҚОСЫМША КӨРСЕТКІШТЕР

2025 жылғы төлемдер саны	2 483
Электрондық донорлардан түскен аударымдар саны	2 596
Салық аударымдарының сомасы	44 427 958 ₸
Жеткізушілер саны	394
Серіктестермен жасалған шарттар саны	180

## БАЛАНС ДЕРЕКТЕРІ

2025 жыл басындағы сальдо	46 225 734 ₸
2025 жыл соңындағы сальдо	48 892 727 ₸

# Біздің нәтижелеріміз сандармен және ықпалымыз

51 907

әлеуметтік желілерде біздің  
парақшамызға жазылған адамдар

ЖАЗЫЛУШЫЛАР

4 МЛН+

әлеуметтік желілер мен БАҚ-тағы қамту

ҚАМТУ

9 000+

жаңа достар / +20%  
әлеуметтік желідегі қауымдастық өсімі

ӨСІМ

200 000+

бейнеролик пен подкаст  
қаралымы

ҚАРАЛЫМДАР

90%

қауымдастығымызда – 25–54 жас  
аралығындағы адамдар

АУДИТОРИЯ

98

бүкіл Қазақстан бойынша  
іссапарда өткен күн

ГЕОГРАФИЯ

26

жаңа бейнеролик пен подкаст  
жарияланды

КОНТЕНТ

200+

интернет-басылымдардағы жарияланым

МЕДИА

# ТӘЛІМГЕРЛЕР — БІЗДІҢ




**БАТЫРЛАРЫМЫЗ**



БАҒДАРЛАМА

# Тәлім-

МӘН МЕН ЫҚПАЛ



# герлер

# ТӘЛІМГЕРЛІК — ЖАЙ КӨМЕК ҚАНА ЕМЕС, БҰЛ — БАЛАҒА ДЕГЕН СЕНІМ, ОЛ ОНЫМЕН ӨМІР БОЙЫ БІРГЕ ҚАЛАДЫ



БАҒДАРЛАМА ДИРЕКТОРЫ  
— Шайдикешова Әсел

## БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Балалар үйіндегі жасөспірімдердің өмірлік әлеуетін ашу және өз бетінше өмір сүру дағдыларын қалыптастыру — оқытылған волонтер-тәлімгерлермен берік сенімді қарым-қатынас орнату, қосымша білім беру және кәсіби бағдар беру қолдауы арқылы.

18

ел  
қаласында

ішінде

488

жұп  
құрылды

«Тәлімгерлер» бағдарламасы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне ересек өмірге сенімді қадам басуға көмектеседі. Бағдарламаның басты мақсаты – 12 жастан асқан жасөспірімдерге жеке қолдау көрсетіп, олардың жанынан сенімді бағыт беретін ересек адамның табылуына ықпал ету. Тәлімгерлердің көмегімен жасөспірімдер өз мүмкіндіктеріне сеніп, қабілеттерін ашып, болашақ жолын саналы түрде таңдауға мүмкіндік алады. Бағдарламаның негізі – тәлімгер мен жасөспірім арасындағы сенімге құрылған қарым-қатынас. Өмірлік тәжірибе, практикалық қолдау және тұрақты байланыс жасөспірімдердің алға ұмтылып, өз жолын табуына көмектеседі.

**ЖЕКЕ ТӘЛІМГЕРЛІК.** Қор тәлімгерлермен жұмыстың толық циклін жүзеге асырады: үміткерлерді іріктейді, оқытады, әдістемелік қолдау көрсетеді және тұрақты супервизия ұйымдастырады. Психологтар тәлімгер мен жасөспірім жұптарын сәйкестендіріп, олардың өзара байланысын сүйемелдейді әрі қажет жағдайда кәсіби қолдау көрсетеді.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.** Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру мақсатында кәсіби педагогтердің қатысуымен топтық және жеке сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар колледждер мен жоғары оқу орындарына түсуге дайындық жүргізіліп, НЗМ, «Дарын» және басқа да жетекші білім беру ұйымдарына түсуге қолдау көрсетіледі.

**КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ.** Бағдарлама аясында кәсіби диагностика, жеке кеңес беру, түрлі мамандық иелерімен кездесулер, кәсіпорындарға экскурсиялар және серіктес ұйымдардың тәжірибелік жобалары ұйымдастырылады.

Бағдарламаның барлық бағыттары жасөспірімдердің ересек өмірге бейімделуіне қолайлы орта қалыптастырып, олардың дербес өмірге және кәсіби дамуға сенімді қадам жасауына мүмкіндік береді. Бүгінде «Тәлімгерлер» бағдарламасы Қазақстандағы балалардың өміріне оң өзгеріс әкеліп отырған тиімді әрі сұранысқа ие бастамалардың бірі болып табылады.

**«ТӘЛІМГЕРЛЕР»  
БАҒДАРЛАМАСЫ.**

# Тәлімгерліктің ОН ЖЫЛДЫҒЫ.

«Жаныңда сенімді ересек адамның болуы – жоба емес, жасөспірімнің өз өзіне сеніп, өмірде өз жолын табуына көмектесетін ұзақ жолдың бастауы.»



## БАҒДАРЛАМА ТУРАЛЫ

Жасөспірімдік кезеңде баланың жанынан қолдау көрсететін әрі бағыт-бағдар беретін сенімді ересек адамның болуы ерекше маңызды. Жеке тәлімгерлік бағдарламасы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне осындай қолдау көрсетуге бағытталған. Бағдарлама тәлімгер мен жасөспірім арасындағы сенімге негізделген **ұзақ мерзімді қарым-қатынасты қалыптастырып**, ересек өмірге дайындалуға көмектеседі.

Тәлімгерлер жасөспірімдер үшін сенімді серікке айналып, олардың өз күшіне деген сенімін арттыруға, өмірлік қиындықтарды еңсеруге және **болашаққа қажетті дағдыларды** дамытуға ықпал етеді.

## 2025 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

### 01

#### РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМ

Бағдарламаның 10 жылдығына арналған тәлімгерлік форумы өтіп, оған **200-ден** астам тәлімгер, донор және серіктес қатысты.

### 02

#### САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАР

Қор тәлімгерлік институтын дамыту және заңнамалық негізін жетілдіру мәселелерін талқылауға белсенді қатысты.

### 03

#### ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Бағдарлама соңғы бес жылда жүзеге асқан 700 жобаның ішінен әлеуметтік өзгерістерге ықпал еткен 25 үздік бастаманың қатарына енді.

### 04

#### ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ НАУҚАН

2026 жылға арналған тәлімгерлік бағдарламасын қолдау мақсатында **44 млн теңге** қаражат жиналды

## ОН ЖЫЛДЫҚ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Жоба жүзеге асырылған уақыт ішінде «тәлімгер–жасөспірім» форматында **488 жұп** құрылды.

Он жыл ішінде **110 жұптың** жұмысы ресми түрде аяқталды. Бұған жасөспірімдердің отбасына орналасуы, басқа өңірге көшуі, тәлімгердің немесе жасөспірімнің бастамасы, сондай-ақ денсаулық жағдайы сияқты себептер негіз болды.

Тағы **48 жағдайда** балалар балалар үйінен шыққаннан кейін байланыс жалғаспады.

Есепті кезеңнің соңында **330 жұп (67,6%)** тұрақты түрде қарым-қатынасты жалғастырып келеді. Оның ішінде балалар үйінен шыққаннан кейін де араласуын тоқтатпаған **81 жұп бар**.

КӨРСЕТКІШТЕР

488

жұп – 10 жыл ішінде құрылды

–

110

жұп – ресми түрде аяқталды

– 48

жұп – балалар үйінен шыққаннан кейін байланысын жалғастырмады

=

330

жұп – өзара қарым-қатынасты жалғастырып келеді

Талдау ресми аяқталулардың едәуір бөлігі объективті өмірлік жағдайлармен байланысты екенін көрсетеді. Олардың ішінде **25% жағдайда жасөспірімнің отбасына орналасуы себеп болған**, яғни бұл әлеуметтік тұрғыдан оң нәтиже болып саналады. Осыны ескергенде, оң нәтижесіз аяқталған жағдайлардың үлесі барлық жұптардың **17,1%-ын** ғана құрайды. Бұл көрсеткіш бағдарламаның басты басымдығы **жұптардың санында емес, қарым-қатынастың сапасында, сенім мен ұзақ мерзімді қолдауда** екенін және осы модельдің тұрақтылығын дәлелдейді.

БАҒЫТ

# Жеке ТӘЛІМГЕРЛІК.

*«Әр баланың жанында оған сенетін әрі қолдау көрсететін сенімді ересек адамның болғаны маңызды».*

Он жылдан бері бағдарлама балалар үйінің тәрбиеленушілеріне сенімге, тұрақты кездесулерге және өзара жауапкершілікке негізделген ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беріп келеді. Тәлімгер – баланың өміріндегі сенімді серік әрі бағыт беруші тұлға.



## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕР

25  
БАЛАЛАР ҮЙІ

8 ҮЕҰ  
ЖӘНЕ 45 ПСИХОЛОГ-  
СЕРІКТЕСТЕРІ


123  
ТӘЛІМГЕРЛЕР  
КЛУБЫНЫҢ МҮШЕСІ

1796  
ПСИХОЛОГ  
КОНСУЛЬТАЦИЯСЫ

182  
АДАМ ОНЛАЙН-  
МЕКТЕПТЕН ӨТТІ

+44  
ЖАҢА  
ТӘЛІМГЕРЛІК  
ЖҰП ҚҰРЫЛДЫ

## ҚАЛАЛАР БОЙЫНША ТӘЛІМГЕРЛІК ЖҰПТАР



# Біздің тәлімгерлеріміз кімдер және олардың тәлім алушылары не сезінеді

«Тәлімгерлер бағдарламаға бір баланың өміріне оң әсер ету ниетімен келеді. Ал қажетті білім мен дағдыларды бағдарлама барысында меңгереді».




ЖҰП – ТӘЛІМГЕР МЕН ЖАСӨСПІРІМ

## СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ САУАЛНАМА · 2025


### ТӘЛІМГЕРДІҢ БЕЙНЕСІ

146 ТӘЛІМГЕР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА



### ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПІКІРІ

162 ЖАСӨСПІРІМ АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА



\*Деректер тәлімгерлер мен жасөспірімдерге Google Forms арқылы үш ай бойы онлайн-сауалнама жүргізу әдісімен жиналды. Қатысу ерікті болды, деректер жинақталған түрде талданды.

Дос   Қолдау   Серіктес   **Сенім**   Үміт   **BRO**   **Көмек**   Қуаныш   Үлкен дос

Осы сөздердің әрқайсысында жылдар бойы қалыптасқан **сенім мен жақындық** жатыр.

### Көбірек білгіңіз келе ме?

Барлық тексерілген тәжірибелер **«Жақсы тәжірибелер»** – платформасында жинақталған – өтіп, танысыңыз. Сондай-ақ **Назира мен Галинаның тарихын тыңдаңыз.**

**БІЗБЕН БІРГЕ – БІЗ КІМГЕ КӨМЕКТЕSEMІЗ**

**БІЗБЕН БІРГЕ – СЕРІКТЕСТЕРІMІЗ**

БАҒЫТ

# Білім беру бағдарламалары.


«Тәлімгер баланың тұлғалық дамуына қолдау көрсетсе, білім беру бағдарламалары сол мақсаттарға жетуге көмектеседі».

Бағдарлама **мектептегі білім олқылықтарын толықтыруға** және әрі қарайғы білім алу жолына дайындалуға бағытталған. Сабақтар топтық және жеке форматта өткізіледі.

Оқушылармен **негізгі пәндер бойынша кәсіби педагогтер** жұмыс істейді. Олар академиялық дайындықты нығайтып, колледждер мен жоғары оқу орындарына түсуге көмектеседі.



## ҚАЛАЛАР БОЙЫНША ҚАТЫСУШЫЛАР



## НӘТИЖЕЛЕР

Нәтижелер — оқу мотивациясының, өзіне сенімділіктің және саналы білім таңдауының артуы.

75

БАЛА ҚАТЫСТЫ

25

ЖАСӨСПІРІМ БІЛ, КОЛЛЕДЖДЕР МЕН ЖООЛАРҒА ТҮСТІ

10

ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ ЖҮРГІЗІЛДІ

БАҒЫТ

# Кәсіби бағдар беру.

«Жасөспірім мамандықтар әлемін өз ісінің мамандарымен және серіктес компаниялармен танысу арқылы ашады».

Кәсіби бағдар беру жұмысы балалар үйіндегі жасөспірімдерге түрлі мамандықтармен танысып, алдағы білім беру мен мансап жолын саналы таңдауға көмектеседі. Жоба **бизнес қауымдастығының** қолдауымен жүзеге асырылады және корпоративтік тәлімгерлік элементтерін қамтиды.



## 01 ЖОБА ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Жасөспірімдер түрлі саланың мамандарымен кездесіп, компанияларға барады, тәжірибелік сабақтарға және шеберлік сағаттарына қатысады.


Бұл бағыт тәлімгерлік пен білім беру бағдарламаларын толықтырып, **кәсіби орта туралы нақты түсінік** қалыптастырады.

## 02 ЖОБАНЫҢ ӘСЕРІ

- Мамандықтар туралы түсініктің кеңеюі
- Әртүрлі кәсіби бағыттардың талаптарын түсіну
- *Кәсіби коммуникация* дағдыларының дамуы
- Мансаптық шешімдерді өз бетінше қабылдауға дайындықтың артуы

## 03 СЕРІКТЕСТІК ГЕОГРАФИЯСЫ · 7 ҚАЛА

● серіктестер ● жасөспірімдер



### 2025 ЖЫЛҒЫ АУҚЫМЫ


121  
ЖАСӨСПІРІМ

7  
ҚАЛА

24  
СЕРІКТЕС ҰЙЫМ

30+  
ҚАТЫСУШЫ КӘСІБИ  
КУРСТАРДАН ӨТТІ

**БІЗБЕН БІРГЕ – СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ**



# САРАПТШЫЛАР — БІЗДІҢ

# КЕҢЕСШІЛЕРІМІЗ






БАҒДАРЛАМА

# ИНКЛЮ-

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

ЗИЯ



# «Инклюзия» бағдарламасы.

*«Инклюзия отбасы, мамандар, мемлекет пен қоғам бірлесе әрекет еткен кезде басталады. Дәл осындай серіктестік тұрақты өзгерістерге жол ашады».*

– МАРАЛ ШЕШЕМБЕКОВА, БАҒДАРЛАМА ДИРЕКТОРЫ



## БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасылары үшін тұрақты қолдау экожүйесін қалыптастыру. Бұл жүйе даму ерекшеліктерін ерте анықтауды және сүйемелдеуді, тұрғылықты жері бойынша сапалы білім беру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуді, мамандардың кәсіби құзыреттерін дамытуды және инклюзивті әрі арнайы білім беру саласындағы халықаралық стандарттарды енгізуді көздейді. Бағдарлама баланы үздіксіз қолдау қағидатына негізделген: даму тәуекелдерін ерте анықтаудан бастап мектептегі оқуы мен әлеуметтенуіне дейін.

Балаларды ерте қолдау қызметтері, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары, мектептер мен балабақшалар арқылы көмек алады. Біздің жұмысымыз жүйелі өзара ықпалдастық пен әр балаға жеке қолдау көрсетуді ұштастырады. Балалар ЕҚҚ, ППТК, ИББРО, мектептер мен балабақшалар арқылы қажетті көмекті алады, ал мамандар өз жұмысында қажетті қосымша білім, әдістемелік материалдар мен жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

## ТӨРТ НЕГІЗГІ БАҒЫТ

### 01

#### ЕРТЕ ҚОЛДАУ

0–3 жас аралығындағы даму ерекшеліктері бар балалардың отбасыларына халықаралық стандарттарға негізделген ерте қолдау жүйесін енгізу. ЕҚҚ желісін кеңейту және отбасыға серіктес ретінде қарау моделіне көшу.

### 02

#### ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

ППТК мен ИББРО желісін кеңейту және қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, мамандардың біліктілігін арттыру. ЕБҚ бар балаларды мектепке дейінгі кезеңде және мектепте сүйемелдеу.

### 03

#### FRIENDLY SCHOOL

Perkins School ұйымымен серіктестікте халықаралық тәжірибелерді енгізу. Педагогтардың кәсіби дағдыларын дамыту және арнайы білім беру мектептерінде қажетті жағдайлар қалыптастыру. Инклюзивті ресурстық сынып моделін дамыту.

### 04

#### ӘЛЕМДІ БІРГЕ АШАМЫЗ

Көру қабілеті бұзылған балаларды қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Жоба тек қалаларда ғана емес, ауылдық және шағын жинақты мектептерде де жүзеге асырылады.

*Бұл бағыттардың барлығы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына, әлеуметтенуіне және жан-жақты дамуына қолайлы жағдай қалыптастырып, инклюзивті ортаның дамуына ықпал етеді.*

## БАҒЫТ

# Ерте қолдау.

*Отбасы қажетті көмекті дер кезінде алса, бала толыққанды өмір сүруге мүмкіндік алады»*

## 01 БАҒЫТ ТУРАЛЫ

Елімізде ерте жастағы балалардың отбасыларына қолдау көрсету тәсілдері денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелерінде қарқынды дамып келеді. 2024 жылы басталған бастаманы жалғастыра отырып, біз жобаны әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау салаларына кеңейтіп, ел бойынша 33 ЕҚҚ-ін қамтыдық. ЕҚҚ баланың дамуындағы тәуекелдерді ең ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл баланың қоғамға толыққанды кірігу мүмкіндігін арттырып, ұзақ мерзімді перспективада мүгедектік тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Оқытудың негізінде отбасыға бағытталған тәсіл жатыр: мамандар тек баламен ғана емес, ата-аналармен де жұмыс істеп, үй жағдайында баланың дамуын қолдаудың тиімді әдістерін үйретеді.

Сонымен қатар ерте жастағы мүгедектігі бар балалардың отбасыларына қызмет көрсететін әлеуметтік қызметкерлерге арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы әзірленді.

## 02 ӘСЕРІ

- Ел бойынша үш жүйеде ЕҚҚ жұмысының бірыңғай стандарты қалыптасуда
- ЕҚҚ халықаралық тәжірибе мен қызмет көрсетудің заманауи тәсілдеріне негізделіп жұмыс істейді
- ҚР Парламентінде Дара қорының ұсыныстары негізінде ерте қолдау жүйесін дамытуға қатысты заң жобасы талқылануда
- Үш салалық министрлік 2027 жылға дейінгі «Сәтті бастау» бірлескен іс-қимыл жоспарын қабылдады
- Ерте жастағы ЕБҚ бар балаларға арналған «Жеке дамыту бағдарламасы» әзірленуде
- Дефектолог мамандар тарапынан ата-аналарға арналған кеңестер жинағы дайындалды

### НӘТИЖЕЛЕР

33

ЕҚҚ ЖҰМЫС  
ІСТЕЙДІ

697

ОТБАСЫ КӨМЕК  
АЛДЫ

15

ЖАҢА ЕҚҚ 11  
ӨҢІРДЕ АШЫЛДЫ

14

МАМАН СТАНДАРТТАР  
БОЙЫНША  
ОҚЫТЫЛДЫ

1429

БІРЛІК ЖАБДЫҚ ПЕН  
МАТЕРИАЛ БЕРІЛДІ

349,7

М<sup>2</sup> ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ  
ЖҮРГІЗІЛДІ

### МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Әріптесіміз **Айгүл Табергенова** әлеуметтік саладағы еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

### БІЗБЕН БІРГЕ – АШЫҚ ЕҚҚ



## БАҒЫТ

# Friendly School.

«Білім беру бағытын таңдауда медициналық диагнозға ғана емес, баланың әлеуеті мен нақты мүмкіндіктеріне сүйену маңызды».



## БАҒЫТ ТУРАЛЫ

Арнайы мектептер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау жүйесінде маңызды орын алады. Осы жоба аясында біз мұндай мектептердің инклюзивті білім беруді дамытуға арналған ресурстық орталықтарға айналу мүмкіндігін көрсетіп келеміз. Бұл тәсілдің негізінде білім беру бағытын таңдауда медициналық диагнозға ғана сүйенбей, баланың әлеуеті мен мүмкіндіктерін ескеру қағидаты жатыр.

Өткен жылғы Алматы қаласындағы екі арнайы мектепті трансформациялау тәжірибесіне сүйене отырып, биыл біз үйде оқитын балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге назар аудардық. «Инклюзивті ресурстық сынып моделі» бастамасының арқасында күрделі даму ерекшеліктері бар балалар мектеп ортасында білім алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл тәсілдің ауқымын кеңейтуге болады және ол еліміздегі арнайы мектептерді жаңғырту үдерісінде тиімді құрал ретінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар жоба аясында арнайы мектептерді қажетті құралдармен қамтамасыз етуге және балалардың спорт пен мәдениет арқылы жан-жақты дамуына қолдау көрсетіледі.

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- Алматы қаласындағы **екі мектеп-интернатқа** Perkins ұйымының халықаралық сүйемелдеуі жалғасты
- «Инклюзивті ресурстық сынып моделі» аясында **екінші сынып** ашылды
- «Сиқырлы көзілдірік» кітабының **200 данасы** жарық көрді
- «Қызықты диалогтар» әдістемелік құралының **200 данасы** басылып шығарылды
- Үйде оқудан шығаруға арналған «**Ресурстық сынып моделі**» нұсқаулығы
- Мамандарға арналған **4 офлайн** және **8 онлайн тренинг** өткізілді
- **69 бірлік** тифлоқұралдар мен оқу материалдары сатып алынды
- Perkins халықаралық тәсілдерін енгізу
- **41 ш. м** жөнделді · өзін-өзі қаржыландыру

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ТАНЫЛУ

«Дара» қоры халықаралық – [Perkins International Impact Report 2025-те жылдық есебінде аталды.](#) «Қызықты диалогтар» әдістемелік құралы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың диалогтік сөйлеу тілін дамытуға арналған тиімді тәжірибе ретінде ұсынылды.

Бұған қоса, би және футбол үйірмелері қор қаржыландыруынан тұрақты өзін-өзі қаржыландыру моделіне көшті.



43

МАМАН ОҚИТУДАН ӨТТІ

20

БАЛА РЕСУРСТЫҚ  
СЫНЫПТАРДА БІЛІМ АЛДЫ

1

БАЛА ҮЙДЕ ОҚИТУДАН МЕКТЕП СЫНЫБЫНА  
АУЫСТЫРЫЛДЫ

БІЗБЕН БІРГЕ – БІЗ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК

## БАҒЫТ

# Әлемді ашамыз.

«Білікті мамандар мен бейімделген орта болған жағдайда көру қабілеті бұзылған балалар сапалы білім алуға мүмкіндік алады».

## БАҒЫТ ТУРАЛЫ

Қор көптеген жылдар бойы көру қабілеті бұзылған балалардың білім алуы мен дамуына жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл салада жұмыс істейтін ұйымдардың саны аз болғандықтан, білім беру ұйымдары үшін практикалық білім, әдістемелік қолдау және заманауи құралдар әлі де өзекті болып отыр. Қор инклюзивті тәжірибелердің тұрақты модельдерін қалыптастырады. Соның нәтижесінде мектептер мен балабақшалар орналасқан жеріне қарамастан көру қабілеті бұзылған балаларды қабылдауға қажетті сараптамалық қолдау мен тиімді шешімдерге қол жеткізе алады. Жобаны іске асыру тәжірибесі көрсеткендей, дайындалған мамандар мен бейімделген орта болған жағдайда көру қабілеті бұзылған балалар сапалы білім алып, қоғамның әлеуметтік, мәдени және спорттық өміріне толыққанды қатыса алады.

## ӘСЕРІ

- Балаларды шалғай интернаттарға жібермей, тұрғылықты жерінде білім алуына мүмкіндік жасау
- Ауыл мектептерінде көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту моделін сынақтан өткізу
- Қазақстандағы көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істеуге арналған алғашқы ашық бейнекурсты әзірлеу
- Блайнд-футбол мен шоудаун спорт түрлерін дамыту

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- Қазақ тіліндегі Брайль қарпімен басылған **241 кітап** 14 мектеп кітапханасына берілді. Соның нәтижесінде **4300 оқушы**, оның ішінде **380 көру қабілеті бұзылған бала** Брайль қарпіндегі әдебиеттерге қол жеткізді. Блайнд-футбол бойынша өткізілген **11 семинарға 500-ден** астам бала қатысты. Жоба аясында **40 спорттық борт**, **11 тактильді графика құрылғысы** және **300-ден астам түрлі жабдық** берілді. **10 БАҚ өкілі** аудиодескрипция бойынша оқытудан өтті. Көру қабілеті бұзылған балалардың өлеңдер жинағы жарық көрді.



## 5000+

-НАН АСТАМ КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛА ЖӘНЕ 25-ТЕН АСТАМ ҰЙЫМ ҚАМТЫЛДЫ

## 900

ПЕДАГОГ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР АЛДЫ

## 14

ҚАЛА ҚАМТЫЛДЫ

Көру қабілеті бұзылған балалардың [өлеңдер жинағы](#) және педагогтар мен ата-аналарға арналған [бейнекурс](#) жарық көрді.

[БІЗБЕН БІРГЕ – БІЗ КІМГЕ КӨМЕКТЕСТІК](#)

# Алғыс галереясы

## БІЗДІҢ СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ

# 10 млн+

ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚОЛДАУ  
КӨРСЕТКЕН СЕРІКТЕСТЕР

Қолдаудың көлеміне немесе қайдан түскеніне тәуелсіз, **әрбір үлес үшін алғысымыз шексіз**. Бұл – Қор қызметіне деген сенім мен балалардың болашағына ортақ жауапкершіліктің көрінісі.

### Ислам даму банкі (IsDB)

Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше елдердегі тұрақты даму бастамаларын қолдайтын халықаралық қаржы институты. UNDP жүзеге асыратын және Islamic Solidarity Fund for Development (ISFD) қоры қаржыландыратын Tadamon First Call for Proposals гранттық бағдарламасы аясында қорымыз жеке тәлімгерлік жобасын дамытуға грант иеленді. Осы қолдаудың арқасында тәлімгерлік бағдарламасы Қазақстанның 10 өңірінде бір жарым жыл бойы тұрақты жұмыс істеп, балалар үйіндегі жасөспірімдерді қолдауды жалғастыруға мүмкіндік алды.

### Шеврон МұнайГаз Инк.

Қазақстанда мұнай мен газды барлау, өндіру және тасымалдау саласында жұмыс істейтін халықаралық энергетикалық компания. Компания екі жыл бойы халықаралық стандарттарға негізделген 0–3 жас аралығындағы бала тәрбиелеп отырған отбасыларды ерте қолдау жүйесін енгізуге бағытталған «Мүмкіндіктер уақыты» жобасын қолдады. Нәтижесінде денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелерінде бірыңғай стандартпен жұмыс істейтін ерте қолдау қызметтерінің желісі құрылып, кеңейтілуде.

### Playrix Kazakhstan Limited

Playrix халықаралық тобына кіретін, мобильді және онлайн ойындарды әзірлеу мен қолдау саласында жұмыс істейтін қазақстандық компания. Компания «Әлемді бірге ашамыз» және «Инклюзивті білім беру» жобаларын қолдап, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді әрі инклюзивті орта қалыптастыруға үлес қосты.

### «HARMONY» ҚҚ

Мүмкіндігі шектеулі жас суретшілердің шығармашылық әлеуетін дамытуға және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсететін ұйым. Қор Perkins School for the Blind ұйымымен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан үш жылдық Friendly School жобасының серіктесі болып табылады. Жоба халықаралық тәжірибені арнайы мектеп-интернаттар жүйесіне енгізуге бағытталған.

### «Транко» (Tranco) компаниялар тобы

Көлік логистикасы және инфрақұрылымдық қызметтер саласында жұмыс істейтін қазақстандық компаниялар тобы. Компания балалар үйіндегі жасөспірімдерге арналған жеке тәлімгерлік пен білім беру курстарын дамытуға бағытталған «Тәлімгерлер» бағдарламасын қолдады. Сонымен қатар тәлімгерлерді даярлау, тәлімгерлік жұптарды сүйемелдеу және еліміздің түрлі өңірлерінде білім беру модульдерін өткізу жұмыстарына қолдау көрсетіп келеді.

### «Plaza Deluxe» ЖШС

Қазақстандағы Bvlgari брендінің ресми өкілі. Компания бірнеше жылдан бері еліміздің екі өңірінде жүзеге асырылып жатқан жеке тәлімгерлік жобасын тұрақты түрде қолдап келеді.

# Алғыс айтамыз!

«Әрбір электрондық қайырымдылық жарнасы – жүйелі өзгерістердің бір бөлігі болуға жасалған саналы таңдау».

**БІЗБЕН БІРГЕ ЖҮРГЕН ЖАНДАР – БІЗДІҢ ДЕМЕУШІЛЕРІМІЗ**

Жеке меценаттар мен халықаралық гранттық бағдарламалар қор жұмысына елеулі үлес қосты. Олардың қолдауы жобалардың тұрақтылығын сақтап, ұзақ мерзімді бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді

## 01 Корпоративтік қолдау

Корпоративтік серіктестер Қордың тұрақты дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Бизнес қауымдастығының қолдауы – бір реттік қайырымдылық емес, қоғамға бағытталған инвестициялардың маңызды құралы

«Павлодар өзен порты» АҚ · «РТС ЛТД» ЖШС · «Марс Қазақстан» ЖШС · «Fizmat Academy» ЖМ · «Қазақстан Футбол Федерациясы» ЗТБ · «Vigor Holding» ЖШС · «Мэри Кэй (Қазақстан)» ЖШС · «НКТех» ЖШС · «Қуаныш Ешенқұл» ЖҚ · «LVMH P&C Kazakhstan» ЖШС · «Лайн Брю» ЖШС · «ЦИТ «ДАМУ»» ЖШС · «ZHOSPANOVA» ЖШС · «КИТ СТРОЙ ГРУПП» ЖШС · ҚР-дағы Франция елшілігі · «Финтехфинанс» микроқаржы ұйымы ЖШС

## 02 Волонтерлік фандрайзинг

Студенттік бастамалар, корпоративтік жобалар, мектеп жәрмеңкелері, кітап оқу клубтары, жеке іс-шаралар мен компания қызметкерлерінің бастамалары Қорды қолдаудың маңызды бөлігіне айналды.

Kazakh Societies Guild · Charity Reading Bookclub · Mary Kay Kazakhstan · ALTEL және Tele2 · OQYASTANA · MaxMara · Seven Rivers Capital · DOS.Community · G&G · «Жаңа буын мектебі» NGS · Айнура Ахметова

## 03 Электрондық донорлар – 2 596 банк аударым

Жеке қайырымдылық жасаушылардың қолдауы бағдарламаларымыздың тұрақтылығының негізі болып қала береді. *Benevity Cause*, *GlobalGiving Foundation* платформалары, *TOOVA* және *TAYYAB* мобильді қосымшалары, *KASPI* мен *HALYK BANK* сервистері, сондай-ақ [www.dara.kz](http://www.dara.kz) және [www.fundraising.kz](http://www.fundraising.kz) сайттары арқылы қайырымдылық жасаған мыңдаған азамат балаларға кәсіби көмек көрсету ісінің бір бөлігіне айналды.

## 04 Зияткерлік волонтерлік

Дизайнер **Таухан Бахытжанов** @tau.bk және **Игорь Рудич** @ig\_rid – электрондық хаттарға арналған ашықхаттарды әзірледі. Фотограф **Адилхан Аубакиров** @adeka.jpg – қордың фототүсірілімін ұйымдастырды. Аудармашылар **Айжан Казмаганбетова** @aizhankee мен **Акбота Орынбасарова** @aorynnbasarovaa – жылдық есептің екі тілдегі нұсқасын дайындауға атсалысты. Олардың қолдауының арқасында біз сапалы нәтижеге ғана емес, ортақ құндылықтарды бөлісетін жандардың шынайы жанашырлығына да ие болдық.

# Қысқартулар ТІЗІМІ

<b>БИЛ</b>	«Білім-Инновация» лицейі
<b>ЖОО</b>	Жоғары оқу орны
<b>ДСМ</b>	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
<b>ОАМ</b>	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
<b>ППТК</b>	Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті
<b>ЕХӘҚМ</b>	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
<b>ҮЕҰ</b>	Үкіметтік емес ұйым
<b>ЕББДҰҒПО</b>	Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
<b>ЕБҚ</b>	Ерекше білім беру қажеттіліктері
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>РИБО</b>	Ресурстық инклюзивті білім беру орталығы
<b>ЕҚҚ</b>	Ерте қолдау қызметі

ФИНАЛ · FINALE

бізбен бірге болғаныңыз  
үшін

# Рахмет!





Бұл жыл маңызды жобалар мен игі бастамаларға толы болды. Осының барлығы **сіздердің қолдауларыңыздың арқасында** жүзеге асты.

«Every shape is beautiful»

## БАЙЛАНЫС

-  Достық көшесі, 18 ғимарат, 20.18 кеңсе
-  +7 705 114 32 50
-  info@dara.kz
-  daracharity
-  www.dara.kz
-  www.fundraising.kz

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

-  Dara charity
-  @dara.charity
-  @dara.nastavniki
-  @dara.inclusion

*Бізге жазылыңыз, бөлісіңіз, жақсылық туралы айтыңыз — әрбір әрекет оң өзгерістерге жол ашады.*

## ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ



01-ТӘСІЛ

**Kaspі QR**

Камера арқылы сканерлеңіз немесе QR кодты басыңыз



02-ТӘСІЛ

**Halyk QR**

Камера арқылы сканерлеңіз немесе QR кодты басыңыз

# DARA

DARA · ҚОП · FOUNDATION